



# Педагогикалық іскерліктер



**Педагогикалық іскерліктер-оқытушының кәсіби бағытының қалыптасуына, педагогикалық техниканың жетілуге көмектеседі, мақсатқа сай нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді. Іскерлік дегеніміз- белгілі жағдайда белгілі іс әрекетті орындауға мүмкіндік беретін білім мен икемді дағдының жиынтығы.**

**Педагогикалық іскерлік-мұғалімнің түрлі әрекеттерінің жиынтығы, олар ең алдымен педагогикалық іс-әрекет функцияларымен теңестіріледі елеулі мөлшерде мұғалімнің даралық-психологиялық ерекшеліктерін айқындап оның пәндік кәсіби құзырлығы жөнінде дәлел келтіреді.**



## А.К.Маркова іскерліктің тоғыз тобын сипаттаған болатын.

1. топ. Педагогикалық міндеттерді анықтау кезінде өз себептері мен мақсаттарын, оқыту-тәрбие беру үрдісінің белсенді даму үстіндегі қатысушы ретінде оқушыға бағыттау; педагогикалық жағдаяттарды зерттеу және оны қайта түрлендіру. Педагогикалық жағдаяттардан абыроймен шығу; пед. міндеттерді орындаудың жақын және алыс

2.3 топшадан тұрады.

3. топша: «Қалай оқыту керек». Оқыту және тәрбиелеу формаларын, әдістерін дұрыс таңдап алу іскерлігі оқытушы мен оқушының жұмсалатын күшін уақытын есепке алу, пед. жағдаятты салыстыра алу, жалпылай алу, біріктіру оқушының өзіндік оқу іс-әрекетін ұйымдастыру педагогикалық міндеттерді шешу.

2. топша: «кімді оқыту керек». Оқушылардың жеке психологиялық үдерістерін зерттеу (ес, зейін, ойлау, сөйлеу т.б.), іс-әрекет түрлеріне сипаттама (оқу, еңбек): оқушылардың білімділігі мен тәрбиелілігін зерттеу, оқушының оқуға шынайы мүмкіндіктерін зерттеу.

1. топша: «Нені оқыту керек». Оқу материалымен жұмыс жасай білу іскерлігі оқу пәні бойынша негізгі қағидаларды бөліп алу, оқу пәнін жаңарту ұғым, термин, пікірсайыстарды пайдалану оқушыларында жалпы білімділік арнайы ептілікті дағдыны қалыптастыру.

<p>3. топ: Педагогикалық психологиялық білімді қолдана білу, іскерлігі, педагогикалық тәжірибелерді қолдану: өз еңбегінің қорытындысын тіркеу, еңбегінің күшті және әлсіз жақтарын көре білу, оқушылардың қиындықтарын өз жұмысындағы кемшіліктерімен байланыстырып отыру: пед. әрекетті дамыту барысында жоспар жасай білу</p>	<p>5. топ: Жоғары дәрежедегі қарым-қатынас тудыратын жолдарды іздестіру, қолдану. Оған мыналар жатады: қарым-қатынасты басқаның ұстанымын түсіну іскерлігі, оған деген қызығушылығын арттыру. Қарым-қатынастық әрекетінен қорықпау; көпшілік алдында сөз сөйлеу білу.</p>	<p>7. топ: Кәсіби дамуды сезіне алу іскерлігі, өзінің жеке бас стилін анықтау, күшті жақтарын нығайту, әлсіз жақтарын ығыстыру жаңалық енгізуге ізденіс, жаңашыл деңгейге өте білу.</p>
<p>4. топ: Кең ауқымды коммуникативтік міндеттерді шешу. Психологиялық қауіпті болдырмау, жою.</p>	<p>6. Кәсіби ұстанымын сақтау білу іскерлігі яғни өз кәсібінің мәнділігін түсінетін, оның әлеуметтік және адамзаттық құндылығы жолында қиындықтарға, төтеп бере алуға қабілеті: өзінің педагогикалық қабілеттерін, олардың перцептивтік және басқару шараларын қамти отырып жүзеге асыру және оны дамыту.</p>	<p>8. топ: Оқу жылының басы мен аяғында оқушының білім деңгейіне сипаттама бере алу; Өзін-өзі тексеру, бағалау; дағдылану, оқыту көрсеткіштерін табу кезеңдерге сай оқудың және оқытудың іс-шараларын даярлау; өз бетімен білім алуға дайындықты ынталандыру.</p>

9. топ: Оқушының тәрбиелілігін мұғалімнің бағалау іскерлігі; мінез-құлық арқылы оқушының адамгершілік нормасы мен көзқарасын болжау. Әлсіз дамыған мінез-құлық көріністерін дамытуға жағдай жасау.

# Іскерліктің қалыптасу кезеңі мен психологиялық құрылымы.



Іскерлік өз қалыптасуында бірнеше кезеңнен өте отырып, соңында шеберлік пен шығармашылыққа айналады.

1 кезең. Бастапқы іскерлік-іс-әрекет мақсатын ертеректе қамтылған білім мен дағдыға негіздей отырып, сезіну және оған жету құралын іздестіру: іс-әрекетті байқап көру-қателесу жолымен орындалады.

2 кезең. іскерліктің жеткіліксіздігі-іс-әрекетке қатыссыз ертеректе жинақталған білім мен оны іске асыру тәсілдерін қолдану.

3 кезең. Жекеленген жалпы іскерлік-әртүрлі іс-әрекет түрлеріне қажетті, дамыған, бірақ ауқымы тар іскерлік қатары өзінің іс-әрекетін жоспарлау іскерлігі

4 кезең. Жоғары деңгейдегі іскерлік-нақты іс-әрекетте білім мен дағдыны шығармашылықпен қолдану; мақсатын ғана емес, оған жету тәсілдерін таңдау себептерін сезіну.

5 кезең. Шеберлік-әртүрлі іскерлікті шығармашылықпен қолдану. Қабілет-алған білімді белгілі бір іске нәтижелі етіп жұмсай білуінде және сол ісін белгілі бір дәрежеде дағдыға айналдыра білу.

6 кезең. Талант-белгеілі іс-әрекетті шығармашылықпен орындау мүмкіндігін қамтамасыз ететін қабілет. Кемеңгерлік-шығармашылық қабілеттің ең жоғарғы деңгейдегі көрінісі.

